

Лицензиялық органның жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге арналған рұқсатын беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 16 маусымдағы N 542

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 27 мамырдағы N 484 Р980484_ қаулысымен бекітілген Жер қойнауын пайдалану құқығын кепілге беруге рұқсат берудің тәртібі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. "АБС Балхаш" Тау-кен-руда компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына " ТұранӘлем Банкі" акционерлік қоғамына "АБС Балхаш" Тау-кен-руда компаниясы" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына Жамбыл облысының Мыңарал кен орнының құрамында алтыны бар рудасын өндіруге

арналған 1997 жылғы 4 желтоқсандағы МГ сериялы N 148Д лицензиямен берілген жер қойнауын пайдалану құқығын кепіл ретінде беруге рұқсат етілсін.

Бұл рұқсаттың күшінде болу мерзімі - алты ай.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі